

Телғарин Ақылжан Бедібайұлы: Тәлімгердің жас маманмен

2021-2022 оқу жылындағы

I тоқсанда жүргізілген жұмысының есебі.

2021-2022 оқу жылында жас маман, Оразалина Ажар Өмірсерікқызына тәлімгер болып бекітілдім. Ең алдымен жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырып өттім.

Жас маман өз жұмыстарына тиянақты қарайтын, жаңашылдыққа бейім, тіл табысуда қиындық тудырмайтын мамандық, мамандығы бойынша жетістікке ұмтылатын деңгейлік курстан өтпеген, оқытушылық қызметті жаңа бастап отырған оқытушы. Оқу жылының басында арнайы пәндер бойынша оқу бағдарламаларымен танысып, түсіндіріп өттім.

Жүргізілген кеңестер мен әңгімелер арқылы перспективалық, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға, сабақ өткізуге көмек көрсетілді, күнтізбелік – тақырыптық және сабақ жоспарлары, әзірлеу және қолдану, материалдарды сабақта қолдану жолдары анықталды.

Сағат жүктемелерін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылды. Оразалина Ажар Өмірсерікқызы балабақшада алғаш рет ұстаздық жолды бастап отырғандықтан күнтізбелік тақырыптық жоспар, күнделікті сабақ жоспарын құруда тәлімгері менен біраз қолдау, көмек көрсетілді, күнтізбелік тақырыптық жоспарды бірігіп жасадық. Дегенмен, жас маман жоспарды уақытында жасап тапсырып отырды.

Жас маманға өзара сабаққа кіруге жоспар құрылды. Сабақтарға кірген соң жас маманмен кәсіби байланыс жасалды. Өз сабағы мен тәлімгердің сабағын салыстыра отырып өз тәжірибесіне нені жетілдіру керектігін өзі анықтап отырды.

Сонымен қатар жас маманның сабақтарына да кіріп отырдым. Жас маманның алғашқы сабағына сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында қатыстым. Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету

бағытында жүргізілсе және мекемеге келген жас маманға үнемі қолдау көрсетіп отырса, нағыз шебер ұстаз болып қалыптасуына бағыт беру бағытында жүргізілді.

Тәрбие жұмысы бағыты бойынша да жас маманға көмек берілді, тәрбие жұмысы жоспарын дайындауда, балабақша тәрбиеленушілерімен қалай тіл табысып, жұмыс жасауға.

I тоқсандағы жасалған жұмыс нәтижелері келесі жарты жылдықта он бағасын береді деп ойлаймын. Алда апталықта ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жоспарланған. Жалпы айтқанда жас маман Оразалина Ажар Өмірсерікқызы жұмысын жақсы көреді, алдағы уақытта бірігіп көптеген жұмыстар жүргізіледі деп сенемін.

Алдағы уақытта қойылатын міндеттер:

- зерттеу және тәжірибелік кезеңінде оқу қызметіне қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, тәрбиеленушілермен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету; ата-анамен тәрбиеленушілермен тығыз жұмыс жасау.

Тәлімгер:Телғарин.А.Б